Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

25 қаңтар сенбі
№6 (2119)
2025 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

«КЕЛЕШЕК» БАҒДАРЛАМАСЫ:
БАЛА БОЛАШАҒЫНА ИНВЕСТИЦИЯ

Жақында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа жинақтау бағдарламасы туралы заңға қол қойды. Мұндағы мақсат – балалардың жоғары оқу орындарында білім алу үшін қаражат жинауға мүмкіндік беретін бірыңғай ерікті жинақтау жүйесін енгізу. Заң бойынша мемлекет әрбір 5 жасқа толған бала үшін бастапқы білім беру капиталын тағайындайды. Бұл қаражат баланың білім алуына жұмсалады. Сонымен қатар әлеуметтік осал топ санатындағы отбасы балаларына жеңілдік қарастырылған. «Келешек» бағдарламасы мемлекеттің білім беру жүйесіне жаңа серпін беріп, балаларды сапалы біліммен қамтамасыз етуге бағытталған.

ШАРТЫ МЕН МӨЛШЕРІ

Ғылым және жоғары білім министрлігі хабарлағандай, «Келешек» бағдарламасы ата-аналарға балаларының білім алуы үшін қаржы жинауға көмектесуді мақсат еткен. Бағдарлама бойынша әрбір 5 жасқа толған бала үшін бастапқы білім беру капиталы тағайындалады. Жиналған қаражатты Қазақстанның білім беру ұйымдарына ғана емес, шетелде білім алуға жұмсауға мүмкіндік бар. Бастапқы капитал мөлшері жыл сайын бекітілген тәртіп бойынша есептеледі. 2025 жылы бұл қаржы 60 айлық есептік көрсеткішке (235 920 теңге) тең болса, жетім балалар үшін бұл сома 120 айлық есептік көрсеткішке (471 840 теңге) жетеді. Сонымен қатар балалардың білім алуына арналған депозиттерге мемлекеттік сыйақы қосылады. Сыйақы 5% болып белгіленсе, әлеуметтік осал топтардан шыққан балаларға жыл сайын 7% мемлекеттік сыйақы беріледі. Әлеуметтік осал топтарға жататын балалар үшін жыл сайын 12 айлық есептік көрсеткіш бөлшерде ай сайын шамамен 4 000 теңгеге (12 АЕК - 47 184 теңге) дейін жарна енгізу талап етілсе, өзгелер үшін бұл сома айына 8000 теңге немесе бір жылда 24 айлық есептік көрсеткішке (24 АЕК - 94 368 теңге) дейін болады. Жинақтау мерзімі 3 жылдан 20 жылға дейін болуы мүмкін.

ҚАРАЖАТТЫ ҚАЛАЙ ЖҰМСАЙДЫ?

«Келешек» бағдарламасының басты ерекшелігі – жинақталған қаражатты тек бір ғана мақсатқа, білім алуға жұмсауға мүмкіндік бар. Бұл қаражатты тек Қазақстандағы білім беру мекемелерінде ғана емес, сонымен қатар шетелде оқу үшін де қолдануға болады. Егер бала мемлекеттік грант иеленсе, жиналған ақшаны қайда жұмсайды деген сұрақ туындауы мүмкін.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі қоғаммен байланыс департаментінің басқарма басшысы Қарлығаш Қалыбекқызының айтуынша, бала мектеп бітіргеннен кейін білім грантын жеңіп алған жағдайда жинақталған қаржыны магистратура, докторантура оқуға немесе тұрғын үй жағдайын жақсартуға құқылы.

Ғылым және жоғары білім вице-министрі Талғат Ешенқұловтың мәлімдеуінше, 18 жасқа дейін балалардың шотында шамамен 3,6 миллион теңге жинақталуы мүмкін.

Жалғасы 2-бетте

Фото Canva.com сайтынан

2025 – ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ЖЫЛЫ

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ МЕҢГЕРГЕН
МАМАН ДАЯРЛАУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

2024 жылдың қорытындысы бойынша елімізде 772 колледжде 15 бағыт негізінде мамандар даярлануда. Жұмысшы мамандықтары бойынша жұмысқа орналасу деңгейі 70%-ға жетеді деп жоспарланған.

Сыр өңірінде 28 колледжде 97 мамандық, 158 біліктілік бойынша еңбек нарығына қажетті мамандар даярлауда. Оның ішінде 19 колледжде 45 мамандық, 49 біліктілік бойынша жұмысшы мамандарды дайындауға үлес қосуда. Атаулы жылда облыстық іс-шаралар жоспары мен комиссия құрамы бекітілген. Алдағы уақытта жүйелі жұмыс істеу үшін жергілікті бюджеттен 899,9 млн теңге қаражат бөлінеді деп жоспарланған. Бұл қаржыға колледждерді күрделі жөндеуден өткізу, мектептерде кәсіби бағдар беру кабинеттерін ашу, «Кәсіби бағдар беру педагогі» штат бірлігін енгізу жұмыстары жүргізілмек.

Жалғасы 2-бетте

ЖҰМЫСШЫНЫ БАСПАНАМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН БАҒДАРЛАМА

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

Мемлекет басшысының бастамасымен «Жұмысшы мамандықтары жылында» еңбек адамын қолдауға арналған шаралар қабылдануда. Жуырда жұмысшы мамандарды баспанамен қамтамасыз етуге арналған жаңа бағдарлама іске қосылатыны туралы үкімет отырысында айтылған еді. Енді, міне, «Наурыз жұмыскер» атты жаңа бағдарлама жұмысшы мамандарын баспанамен қамтамасыз етуге септігін тигізбек.

Премьер-Министр Олжас Бектеновтің тапсырмасымен Отбасы Банкі «Наурыз жұмыскер» жаңа бағдарламасы іске қосылғаны туралы жариялады. Бұл жұмысшы мамандардың баспана мәселесін шешпек.

Бағдарлама өнеркәсіп, энергетика, көлік, ауыл шаруашылығы және су ресурстары салалары қызметкерлерін қамтиды.

Биыл «Наурыз жұмыскер» бағдарламасы аясында жұмысшы мамандықтары өкілдеріне 72 млрд теңге көлемінде 2 440 несие беру жоспарланып отыр.

Өтінімдерді қабылдау 2025 жылдың 17 наурызынан басталады деп жоспарланған. «Наурыз жұмыскер» «Наурыз» тұрғын үй бағдарламасының бір бөлігі болмақ.

Бағдарлама талаптары бойынша азаматтардың әлеуметтік осал санаттары үшін 7% (ЖТСМ 7,1%-дан 9,6%-ға дейін) және қалған барлық санаттар үшін 9%-дық (ЖТСМ 9,4%-дан 13%-ға дейін) мөлшерлемемен несие беріледі. Бастапқы жарна – таза әрлеудегі бастапқы тұрғын үйді сатып алу үшін 10%-дан, әрленбеген бастапқы тұрғын үйді және қайталама нарықтағы тұрғын үйді сатып алу үшін 20%-дан басталады. Несиенің ең жоғары сомасы – облыстар үшін 30 млн теңге, Астана мен Алматы қалалары үшін 36 млн теңге.

Сондай-ақ «Наурыз жұмыскер» бағдарламасымен қатар Отбасы банкі отандық кәсіпорындармен «корпоративтік» өнім шеңберінде жұмыс істейді, бұл несие беру үшін өз қызметкерлеріне қаражат бөлетін кәсіпорындарға арналған.

– Президентіміз 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Кеншілер, металлургтер, тас қалаушылар, электриктер құюшылар ауыр жұмыстарды атқарады. Осы және басқа да көптеген мамандық иелері біздің негізгі қажеттілігімізді қамтамасыз етіп отыр. Мұндай мамандарға жасалған қамқорлық – бүкіл қоғамның игілігі үшін жасалған қамқорлықпен тең. Көпшілігі қиын жағдайда жұмыс істейді. Сондықтан олардың баспана мәселесін шешу – қиын еңбек жағдайларының орнын толтыруға септігін тигізеді», – деді «Отбасы банкі» АҚ басқарма төрағасы Ләззат Ибрагимова.

Атаулы жылда еңбекпен шыныққан жандардың еңсесін көтеруге қолдау жасалып, баспана мәселесі шешімін тауып жатса, құба-құп. Бұл жұмысшы мамандардың әлеуметтік жағдайын да, беделін де биіктете түспек.

«Ақмешіт-ақпарат»

АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚОЛДАУ ҚАНДАЙ?

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2025 жылдың 1 қаңтарындағы мәліметі бойынша елімізде 85 203 ардагер бар. Олардың ішінде:

– Ұлы Отан соғысының (ҰОС) 120 ардагері;

– Жеңілдіктер бойынша ҰОС ардагерлеріне теңестірілген 16 983 адам;

– Басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының 26 506 ардагері;

– ҰОС жылдарында тылда еңбек еткен 41 594 адам бар.

Министрліктің ресми мәліметінше, 2024 жылы ардагерлердің осы санаттарына жалпы сомасы 16,7 млрд теңге көлемінде арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төленген. Ал биыл бұл мақсаттарға 17 млрд теңге қарастырылып отыр.

Ардагерлерге арналған әлеуметтік төлемдер

Республикалық бюджеттен берілетін ай сайынғы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы ардагерлердің барлық санаттарына төленеді. Бұл төлемдер өзге әлеуметтік жәрдемақылардан тәуелсіз түрде беріледі. 2025 жылы ардагерлерге арналған төлемдердің мөлшері төмендегідей белгіленген:

1. Ұлы Отан соғысы ардагерлері – 16 АЕК (62 912 теңге).

2. ҰОС ардагерлеріне теңестірілген тұлғалар:

• Жарақат, контузия немесе ауру салдарынан мүгедектік алғандар – 7,55 АЕК (27 875 теңге);

• Жеңілдіктер бойынша ҰОС қатысушыларына теңестірілгендер – 6,19 АЕК (24 339 теңге).

3. Басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері:

• Ауғанстандағы ұрыс қимылдарына қатысушылар – 6,19 АЕК (24 339 теңге);

• Тәжік-Ауған учаскесінде ТМД шекарасын қорғауға, Ирактағы халықаралық бітімгершілік операцияға, Таулы Қарабақтағы қақтығыстарды реттеуге қатысқан әскери қызметшілер – 4,8 АЕК (18 874 теңге).

4. ҰОС жылдарындағы тыл еңбеккерлері – 2,13 АЕК (8 376 теңге).

«Ақмешіт-ақпарат»

Фото Н.Нұржаубайдың фото архивінен

ЫСЫРАПШЫЛДЫҚТЫҢ ЗАРДАБЫ КӨП

А. Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде Қызылорда қалалық ардагерлер кеңесінің ас беру мәдениеті мен жаназа рәсімін бірізділікке түсіру жөнінде кеңейтілген жиыны өтті.

Шараға ардагерлер кеңесінің төрағасы Шәкизат Төребаев, қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев, қаланың бас имамы Берік Сүлейменов, ҚМДБ өкілдері мен қаланың, кент, ауылдық округтердің ардагерлері, зиялы қауым, БАҚ өкілдері қатысты.

Естеріңізге сала кетейік, 2020 жылы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы «Ислам – мәдениет пен ізгіліктің бастауы» атты имамдардың IV республикалық форумында «Ас беру мәдениеті» құжатын қабылдаған болатын. Құжаттың мақсаты – Қазақстанның барлық аймағында шариғат шеңберінде, салт-дәстүрімізді ескере отырып, отбасылардың әлеуметтік жағдайына салмақ салмайтын және ысырапқа жол бермейтін құдайы ас беру мәдениетін қалыптастыру және насихаттау. Құдайы ас беру ата-бабамыздан келе жатқан халықтық дәстүр мен ұлттық мәдениетіміз болғандықтан, оның бүгінгі заман талабына сай кейбір тұсын бір ізге келтіріп, келешек ұрпаққа аманаттау болатын.

Осы мәселелерді назарға алған жиында қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Шәкизат Төребаев ас беру, жаназа шығару, зират салу, жалпы марқұм болған адамдарды жөн-жоралғыға сәйкес жерлеу мәдениетін халқымыздың дәстүрі мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының әдістемелеріне негіздеп, бір ізге салу аса маңызды екенін жеткізіп, облыстық ардагерлер кеңесінің үндеуін қолдауға шақырды.

«Ас беру кезінде ысырапшылдыққа жол бермеу, діни және моральдық талаптарды бұзу» тақырыбында қаланың бас имамы Берік Сүлейменов сөз қозғаса, «Дәстүр мен дін үйлесімі» туралы қалалық «Айтбай» мешітінің бас имамы Асхат Асқаров өз ойын ортаға салды.

Жиынды қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев қорытындылады.

– Ас беру – материалдық жарыс емес, рухани тазалық пен ізгіліктің көрінісі. Ысырапшылдыққа жол бермеу арқылы бұл дәстүрдің маңызын арттырып, қоғамға өнеге боларлық үлгі қалыптастырамыз. Қарапайымдылықты сақтау – рухани байлық пен адамгершілікті сақтаудың негізі. Сондықтан әрбір азамат осы құндылықтарды ұстанып, дәстүрдің шынайы мақсатына назар аударуы қажет, – деді ол.

Гауһар АСҚАРҚЫЗЫ

«КЕЛЕШЕК» БАҒДАРЛАМАСЫ: БАЛА БОЛАШАҒЫНА ИНВЕСТИЦИЯ

Басы 1-бетте



– Жинақталған қаражатты колледждер мен университеттерде оқу үшін, Қазақстанда немесе шетелде білім алу үшін пайдалануға болады. Егер бала мемлекеттік білім грантын алса, жинақталған қаражатты басқа деңгейдегі білім алу үшін пайдалану мүмкіндігі беріледі. Сонымен қатар бұл қаражатты үшінші тұлғалардың салымдарына аударуға, сыйақы алу үшін оны жинақтау шарттарымен алуға немесе тұрғын үй жағдайларын жақсартуға пайдалануға болады, – деп мәлімдеді вице-министр Талғат Ешенқұлов«inbusiness.kz» сайтына берген сұхбатында.

Сонымен қатар жинақталған қаражатты үшінші тұлғалардың білім алуына бағыттауға немесе жеке жинақтарын жалғастыруға болады. Бағдарламаның артықшылығы – мемлекеттік сыйақы мен банктердің немесе сақтандыру компанияларының сыйақысы, олар салық төлемей есептеледі. Қаражатты түрлі мақсаттарда пайдалану үшін нақты ережелер мен шарттар белгіленген.

КЕЛЕШЕГІҢДІ ОЙЛАСАҢ...

Заң бойынша ата-аналар немесе қамқоршылар депозитті жыл сайын көрсетілген сомада толықтырулары тиіс. Егер бұл талап орындалмаса, мемлекет бастамашылық жасалған бастапқы капиталды қайтарып алады. Яғни егер жыл сайынғы жарна енгізілмесе, балалардың білім алуына арналған депозитке мемлекеттік сыйақы қосылмайды. Сонымен қатар депозиттерге мемлекеттік қорғау кепілдігі беріледі. Бұл дегеніміз, салымшылардың қаражатты 10 млн теңгеге дейін қорғауға алынады. Жинақталған қаражат үшінші тұлғалардың, мемлекеттік органдардың немесе басқа да талап қоюшы тараптардың талап етуінен қорғалған. Бұл заңның басты артықшылығы – балалардың болашағына бағытталған қаржылардың толық қауіпсіздігі мен тұрақтылығы.

– Менің ойымша, «Келешек» бағдарламасы – баламның болашағына жасаған үлкен қадам. Өзім де осы бағдарлама арқылы балама жинақ ашуды жоспарлап отырмын. Бұл балаларымның жоғары білім алуына мүмкіндік беріп қана қоймай, олардың болашақта жақсы өмір сүруіне, қоғамда өз орнын табуына да көмектеседі. Бағдарлама арқылы мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдауды пайдаланып, болашақта балаларымның сапалы білім алуына қаржы жинай аламын. Бұл мен үшін өте маңызды, себебі баламның арман-мақсатына жетуіне көмектесетін дұрыс таңдау болар еді, – дейді қала тұрғыны

АТА-АНАНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТЫН АРТТЫРАДЫ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті «Экономика және құқық» институтының директоры Гүлшат Дүзелбаеваның айтуынша, елімізде жақында 5-18 жас аралығында балаларға арналған «Келешек» бағдарламасы іске қосылды. Ұрпақ тәрбиелеп отырған кез келген ата-ана үшін қуанышты жаңалық.

– Мемлекеттік қолдаумен баланың кішкентай кезінен келешегіне аз-аздан белігілі бір мерзім аралығында қаржы жинауға мүмкіндік туды. Бұл білім беру жүйесінің сапасын жақсартуға бағытталған жоба деп есептеймін. Өз кезегінде елімізде жұмыс күшінің сапасын арттырып, еңбек нарығындағы сұранысқа сай кадрларды қамтамасыз етеді.

Бағдарламаның тағы бір тиімді тұсы ата-аналардың қаржылық сауаттылығын арттырады. Бұл өз кезегінде, экономикалық тұрақтылықты сақтауға ықпал етіп, ел экономиканың өсуіне жағдай жасайды.

Сонымен қатар бағдарлама Қазақстанның білім беру жүйесіне бәсекелестік тұрғысынан оң әсер етпек. Өйткені есепшотында білім алуға қажетті қаражат бар балада таңдау болады. Осы арқылы ел ішіндегі білім сапасының артуы және шетелде білім алуға мүмкіндік болады. Нәтижесінде студенттер мен ғалымдар өз әлеуетін толық пайдаланып, Қазақстанды білім мен ғылым саласындағы жаһандық деңгейде бәсекеге қабілетті елдер қатарына қоса алады. Шетелдік білім беру жүйелерімен ынтымақтастық еліміздің білім саласындағы ашықтықты арттырып, халықаралық деңгейде танылуына ықпал етеді, – дейді Гүлшат Дүзелбаева.

София Хайрулла

Басы 1-бетте

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ

МЕҢГЕРГЕН МАМАН ДАЯРЛАУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Бүгінгі таңда колледждердің алдына қойған негізгі мақсаты – жан-жақты дамыған мықты маман дайындап шығару. Осы тұрғыда облыс орталығындағы М.Ықсанов атындағы Қызылорда политехникалық колледжінің өзіндік биік мақсаттары бар. Аталған оқу орында қазіргі уақытта студентті кәсіби маман етіп шығару мақсатында жүйелі жұмыс жүруде. Оқу орны қоғамға қажетті жұмысшы мамандарды даярлауда өз үлестерін қоса бермек. Атап айтқанда, М.Ықсанов атындағы Қызылорда политехникалық колледжі материалдық-техникалық базасы заман талаптарына сай жаңа технологиялық жабдықтармен қамтамасыз етілген. Мамандықтарға сәйкес зертханалар мен шеберханалары оқу-әдістемелік, көрнекі құрал-жабдықтармен жабдықталған.

– М.Ықсанов атындағы Қызылорда политехникалық колледжі – агроөнеркәсіп кешендеріне, энергетика және көлік, автомобиль жолдары, шағын және орта бизнес нысандарына, құрылыс мамандарын дайындауда облыс деңгейіндегі техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі қара шаңырақтарының бірі әрі бірегейі. Іргетасы 1955 жылы қаланған, «Десятниктер мектебінен» мамандар дайындаудан бастау алған еді. Бүгінгі күні оқу орны облысымыздың түрлі кешеніндегі білім беру және мамандардың білімін жетілдіру саласындағы ірі оқу орталығына айналып отыр. Білікті кадрлар даярлау – мемлекеттік саясаттың маңызды басымдығы болып қала бермек. Сондықтан еңбек нарығының, бизнестің және білім алушы жастардың мүдделері мен қажеттіліктерін ескеретін жүйелі шаралар кешенін әзірлеп, жұмыс істеу – негізгі мақсатымыз, – дейді колледж директорының уақытша міндетін атқарушы Бектұр Асанханұлы.

Бүгінгі таңда адамның қоғамдағы орны – оның білім мен еңбекке қатынасына қарай айқындалмақ. Яғни тек сапалы білім алып, таңдаған мамандығы бойынша табысты еңбек ете алған адам ғана өмірден өз орнын табады. Осы тұрғыда мықты маман дайындау үшін студенттерге заманауи техниканы жетік меңгерген жоғары және бірінші санатты оқытушылар мен өндірістік шеберлері білім береді. Оқу ордасында оқушыларды тәжірибелік жұмыстарға баулу жұмыстары өз дәрежесінде жүргізілуде. Колледж сұранысқа ие және бәсекеге қабілетті дамыған маман қалыптастыруда оқ бойы озық келеді. Сондай-ақ заманауи озық технологиясы бар аймақтағы бірден-бір оқу орны.

Сонымен қатар колледжде маман даярлаумен қатар, тұлға тәрбиелеу басты назарда.

М.Ықсанов атындағы Қызылорда политехникалық колледжі қазіргі таңда 10 мамандық, 13 біліктілік бойынша білім береді. Бүгінде жұмысшы мамандықтар бойынша 370 бала білім алуда. Барлық жұмысшы мамандықтарда білім алып жатқан білім алушылар мемлекеттік тапсырыс негізінде, яғни грант негізінде оқып жатыр. 2024 жылы мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде 142 студент қабылданған. Колледж білім алушыларына жалпы үш әлеуметтік төлемдер жүргізіледі. Олар: мемлекеттік шәкіртақы, ыстық тамаққа бөлінген қаражат және ауылдық елді-мекендерден оқуға түскен білім алушылар үшін қалааралық теміржол және автомобиль көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидаларына сәйкес жол жүруге өтемақы төленеді.

Оқу орны 2021 жылы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі және «Talap» коммерциялық емес акционерлік қоғамы тарапынан ұйымдастырылған техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының материалдық техникалық базасын дамыту мақсатында ұйымдастырылған «Жас маман» жобасына қатысты. Жобаның негізгі мақсаты – сұранысқа ие өнеркәсіптік және сервистік 100 мамандық бойынша 180 колледж бен 20 ЖОО-нын жаңғыртуды және білікті мамандарды даярлауда халықаралық тәжірибені енгізу. Нәтижесінде колледж шеберханаларын жабдықтауға қажетті құрал-жабдықтар толық алынды. Сондай-ақ «Көлік жөндеу» атты құзыреттілік орталығы ашылды.

Студенттердің кәсіби маман болып қалыптасуы үшін әлеуметтік серіктес ретінде үлкен кәсіпорындармен келісім шарт жасалған. Сол жерден өндірістік тәжірибеден өтіп, мықты маман болып шығуға қалыптасады.

– Біздің бірлескен жұмысымыздағы ең басты мақсат – колледж түлектері еңбек нарығында сұранысқа ие болып, лайықты жалақы алуы тиіс. Сонымен қатар алдағы уақытта колледжден екі шахын цех ашу жоспарда бар. Мұндағы басты мақсат – балалардың кәсіби біліктілігін дамыту. Сонымен қатар колледж қабырғасында жүріп-ақ мықты маман иесі болуға дайындау. Цехтар ашылған соң біздегі студенттер өндірістік тәжірибеден өзіміздің өтеді. Бұл тұрғыда тәжірибелі мамандар жеткілікті.

Екіншіден, техника, құрал-жабдықтардан өндірістегі қолданыстағы немесе енді қолданысқа енетін аппараттарды алғымыз келеді. Мәселен, лазерлік түсіру апаратын әкелу жоспарда бар. Мұндай аппараттар әлі де облысымызда өндіріске ене қойған жоқ. Сондықтан жаңа технологиялар өндіріске келген кезде, студенттер дайын болуы керек деген ұстаным бар, – дейді колледж директорының уақытша міндетін атқарушы Бектұр Қали.

Сонымен қатар оқу орнының тағы бір алдағы жоспары – бизнес старт орталығын ашу. Осы арқылы студенттерге кәсіпкерлікпен айналысуға мүмкіндік беру. Яғни бизнес бастаудың алғашқы әліппесін үйретуді қолға алмақ. Мәселен, «Мемлекеттен берілетін жеңілдетілген несиелерді қалай алуға болады? Конкурстарға қалай түсуге болады? Бизнес жоспарлар қалай жасалу керек?» деген секілді ақпараттарды толық меңгеріп, кәсіп бастауға дайын маман болып шығады.

Колледж студенттерінің 70 пайыздан астамы оқу бітіргеннен кейін жұмысқа қабылданады. Облыс көлемінде және халықаралық шетелдерде де жұмыс істеп жүрген бітірушілеріміз бар. Сонымен қатар студенттердің бірқатары оқыған мамандықтары бойынша жеке кәсіптерін ашып, өз істерін дамытуда. Солардың бірі – облыс көлемінде танымал болып отырған «Хан» ЖШС-нің иесі, колледж түлегі – Айбархан Тойманов.

Биылғы жылдың «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялануы осы мамандықты оқытататын колледждерге сұраныс артып, жастардың қызығушылығы көбейе түсетіндей.

Жасыратыны жоқ, бұрын кәсіптік білім беретін колледжге оқуға баруға намыстанатындар көп еді. Кейбір ата-аналар да баланың кәсіптік білім алсам деген ұсынысын қолдай бермейтін. Алдағы уақытта жұмысшы мәртебесі өз деңгейінде артып, нағыз еңбектің адамдары құрметтің төрінде болады. Сондықтан да жұмысшы мамандар даярлайтын колледждер бұл тұрғыда барлық жағынан сай болуы қажет. Ал М.Ықсанов атындағы Қызылорда политехникалық колледжі осы талаптарға сай келетін бірден-бір оқу орны. Мәселен, кадрларды дайындаудың халықаралық стандарттарын енгізу арқылы 2020-2021 оқу жылы аяғында жобаға қатысқан колледж мамандары бірігіп, Soprano Group (Финляндия) ұсынған үлгілік бағдарламалар бойынша оқу жоспарларын даярланған. Қазіргі таңда осы бағытта білім беру ісі жүргізілуде.

Бектұр Асанханұлы айтуынша, колледждің оқу процесіне дуальды оқыту енгізілген.

– Дуалды оқыту бойынша білім беру бағдарламалары тәжірибеге арналған. Студенттер тәжірибені алдымен біздің шеберханаларда, содан кейін кәсіпорындардың базасында өтеді. Қазіргі таңда колледждің әлеуметтік серіктестерінің саны артып келеді. Біз тығыз қарым-қатынас орнатқан кәсіпорындардың «Мұраптехсервис» ЖШС, «Хан» ЖШС, «Промстройсервис.Е», «Dosstroy-company» ЖШС, «Нұрсұлтанов»ЖК, «Мелиоратор» ЖШС, «Нұрторгстрой» ЖШС, «АбзалЖ» ЖШС, «Бест-авто» ЖШС т.б. бар. Колледж кәсіпорындармен тығыз байланыс орнату арқылы түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді, – дейді ол.

Бектұр Асанханұлының сөзіне сүйенсек, бұрын қоғамда мұндай мамандарға түрлі көзқарас болғанмен, қазіргі таңда жастар арасында жұмысшы мамандықтар деген қызығушылық артып келеді.

Айтолқын АЙТЖАНОВА,
Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

ТҰМАУДАН САҚТАН!

Тұмау – қауіпті асқынуларды тудыратын тыныс алу жолдарының жіті жұқпалы ауруы. Ауру барлық жастағы адамдарға әсер етеді, адамның иммунитеті неғұрлым төмен болса, аурудың пайда болу ықтималдығы соғұрлым жоғары болады.

Тұмау жіті респираторлық вирустық инфекцияға жатады, ол ауа тамшыларымен, ауадағы шаңмен және тұрмыстық байланыс арқылы таралады. Инфекция өте жұқпалы болып саналады және ауру адамдардан сау адамдарға тез беріледі. Тіпті аурудың жеңіл немесе асимптоматикалық ағымы 5-6-шы күні жоғары қауіп төндіретін инфекция болып саналады.

Тұмау белгілері:

-дене қызуының күрт жоғарылауы;
- бас ауруы және бұлшықет ауруы;
- қалтырау;
- құрғақ жөтел, ол кеудедегі ауырсынумен бірге жүреді;
- бүкіл денеде ауырсыну;
- жалпы әлсіздік.

Дәрігерге қашан көріну керек:

Тұмау белгілері 2 сағаттан 2 күнге дейін пайда болуы мүмкін. Жағдайыңыз нашарласа, дереу дәрігермен кеңесіп немесе жедел жәрдем шақыру керек:

- қатты тыныс алу;
- қайталанатын құсу және ішек қозғалысы;
- сананың бұзылуы және қан қысымының төмендеуі;
- ұзақ мерзімді температура 38-39 ° С;
- жөтел кезінде қақырықтағы қан;
- кеуде ауыруы.

Тұмаудан кейінгі асқынулар:

Тұмаудың белгілері мен емдеуі де асқыну қаупіне ие. Бұған денсаулық факторлары әсер етеді. Асқынулар келесідей болуы мүмкін:

- пневмония және бронхит;
- отит медиасы, ринит, синусит, трахеит;
- перикардит, миокардит;
- энцефалит, полирадикулоневрит, невралгия, менингит,
- менингоэнцефалит;
- созылмалы аурулардың өршуі.

Алдын-алу үшін:

- тұмауға қарсы екпе алу;
- науқас адамдармен байланыста болмау, егер бұл мүмкін болмаса, дәке таңғыштарын қолдану;
- С дәрумені мен интерферонды қабылдау;
- кешенді диета, жемістер мен көкөністер жеу;
- күнделікті режимді сақтау, күніне кемінде 7 сағат ұйықтау;
- белсенді, салауатты өмір салты - спортпен айналысу және ауа ванналарын қабылдау.

Эльмира Алмаганбетова,
Қызылорда бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

■ МЕРЕЙ

ТАҒДЫР МАҒАН БҰЛ АЗАМАТПЕН БІРГЕ ҚЫЗМЕТ ЖАСАУДЫ, ӨМІР ТӘЖІРИБЕСІН ҮЙРЕНУ МҮМКІНДІГІН СЫЙЛАПТЫ. АРАЛ АУДАНЫН ОН ЖЫЛДАЙ БАСҚАРҒАНЫНДА, СОНЫҢ СЕГІЗ ЖЫЛДАЙ УАҚЫТЫНДА БІРГЕ БОЛДЫҚ. ЖАМАНДЫ-ЖАҚСЫЛЫ ҚОСШЫЛЫҒЫНДА ЖҮРІП, ҚУАНЫШТЫ ДА, ҚИЫНДЫҚТЫ ДА БІРГЕ БӨЛІСТІК. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ БАСШЫ ӘРІ ҰСТАЗ БОЛА БІЛГЕН, ӨЗІМ АҒА ТҰТҚАН АЗАМАТ ТУРАЛЫ, ОНЫҢ ӨНЕГЕЛІ ЖОЛДАРЫНДА КӨРГЕН-БІЛГЕНДЕРІМ МЕН ОЙҒА ТҮЙГЕНДЕРІМДІ ЖАЗҒАНДЫ ЖӨН КӨРДІМ.

ТАҒЫЛЫМҒА ТОЛЫ ЖЫЛДАР МЕН ЖОЛДАР

2006 жылдың 9 маусымында Аманөткел ауылдық округінің әкімі қызметіне тағайындалған сәттен бастап, зейнеткерлікке шыққанша, 2013 жылдың ақпан айына дейін қызметтес болдық. Әлі күнге дейін ол кісімен байланысым үзілген жоқ. Кейде үлкен басымен өзі телефон соғып, қуанышты сәттерімізді жібермей құттықтап жататыны да бар.

Нәжмәдин Түрікпенұлы туралы естелік жазу әрі оңай, әрі қиын. Оңай болатыны атқарған қызметтері ел жадында сайрап тұр. Онысын ешбір тарих елдің санасынан шығарып тастай алмайды. Қиын болатын себебі бірде дана, бірде баладай елпілдеп алдымызға түсіп кетеді. Даналығы өзіне дейінгі ел басқарған ағалары мен әріптестері, абыздар туралы, олардың өмір жолдары, тағылым-тәрбиелерін ортаға салып, суырыла сөйлейтін, ділмар, шешендік қасиеті бар. Реті келсе, қарапайым адам ретінде, шүйіркелесе сөйлесіп, сырларын бөлісіп, қамқор бола білетін қасиеті кез келгеннің бойына табыла бермейді.

Бірге қызметтес болған жылдарда бір байқағаным – ол кісі өзі тағайындаған кадрларды қызғыштай қорып, қолынан келгенше қорғап бағатын еді. Себебі қай округ, қала болсын, ел ішінде алуан түрлі пікірлердің болатыны белгілі. Қай жерде қандай пікірлер мен мәселелердің барын алдын-ала зерттеп, соған сәйкес жауабын дайындап жүруге машықтанған жан. Ең бастысы, адамның жан дүниесі мен ниетін аяқасты туындаған жағдайдың өзінде зердесінен тез өткізіп үйренген және үйлестіре білетін психолог бола білді. Ауылдық округ әкімдеріне сын садағы бағытталған сәттерде кәдімгі «майдан қыл суырғандай» тігісін жатқызып, азаматтарды үстіне су тигізбей алып шығатын. Мұндай сәттерде мәселе көтерген адамның өзі ойынан жаңылып қалатын-ды. Мұндайда: «ағалар, мен жаңадан қызметке кіріскен сарыауыз балапан әкім емеспін. Өзім қойған басшыны қашан өзінің іс-әрекеттерінен өзі зардап шегетін жағдайға жеткенінше қорғау міндетім. Сондықтан маған ретсіз әңгіме айтпай-ақ қойсаңыздар» деген сөздерінің куәсімін. Нәкеңнің бойындағы осындай қасиетіне өзгелер қызыға қарап, құрметтейтін еді.

Ұзақ жылдар Жақсықылыш кентінің әкімі болып қызмет атқарған Нағашыбай Әуесханов ағамыз 2007 жылы аяқастынан қызметінен босатылатын болды. Себебі жыл аяқталар тұста СТК-ға бөлінген қаржыны игеру керек деген желеумен жұмсалған қаражаттың әлегі. Жұмсалды деген аты болмаса кент әкімінің ешқандай кінәсі де жоқ. Тәртіптік кеңестің шешімі келген сәтте, аудан әкімі Н. Мұсабаев әріптесі Н.Әуесхановқа: «мен тәртіптік кеңестің шешімін орындауға міндеттімін, амалым жоқ. Саған беретін кеңесім ізден, арыздан. Менің саған көмегім өз аузыңнан «мен болдым» деген сөз шықпайынша, орныңа адам тағайындамаймын», – дейді. Мәселе жеті айға созылды, Жоғарғы соттың шешімі шығып, ағамыз ақталды. Жеті айға дейін бос тұрған лауазымға Н.Әуесханов қайта тағайындалды. Бұдан кейін бірнеше жыл қызметін жалғастырып, зейнет жасына жетіп абыроймен құрметті еңбек демалысына шығып көңілі жайланды. «Жақсыдан шарапат» деген осы болар.

Нәкең өзінің сеніп тағайындаған кадрларды сынақтан өткізіп тәрбиелейтін басшы болды. «Мұхтар келешек әкім болады», – деп оған сенім артатынын талай көрдік те. Мұхтар Әуесұлы сол кезде аппарат басшысы болатын, соған сай үлкен жауапкершілік жүктеп, жұмыстың ауыр салмағын да артып отыратын. Бір сөзбен айтқанда, ол Нәжмадин Мұсабаевтың мектебінде он жылға жақын шыңдалып, әкімшілік басқару саласында пісіп жетілді. Нәтижесі белгілі, Мұхтар Әуесұлы ұстазының сенімін ақтап Арал, Қазалы аудандарын сегіз жыл абыроймен басқарып, бүгінде ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты бір департаментті басқарып отыр. Сенімге ие болу ауыр жүк болумен қатар, оны алып жүрудің салмағы тіпті де зіл батпан. Ең бастысы, сенімнің ақталғаны, ықылас-пейілдің ортаймағандығы дер едім. Бұл мысал тек Арал ауданындағы кадрлық мәселе ғана. Қазалы мен Жаңақорғанды немесе Қызылорда қаласы және облыс әкімінің бірінші орынбасары қызметін атқарған кезде тәрбиелеген шәкірттері қаншама. Осының бәріне қажыр мен қайрат, төзім мен сабыр қажет екені белгілі.

Нәжмәдин Түрікпенұлына тән қасиеттердің бірі, өзі тағайындаған кадрларды мүмкіндігінше орнынан қозғамай, жасы келгенде зейнеткерлікке абыроймен шығарып салып, олардың өмірлік тәжірибелерін одан кейін де пайдалануға тырысатын еді.

2012 жылы Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырына байланысты үлкен мәселе пайда болды.Тозығы жеткен су құбырлары кез келген жерден жарылып, Арал мен Қазалыға шіліңгір шілденің ми қайнатар ыстығында ауызсу жетпей жатты. Облыстан келетін көмек те дер кезінде бола қоймай, аудан бюджетінің шамасы келмеді. Сол бір қиын сәтте жағдайды тиісті жеріне жеткізіп, қаржысын да, мердігерді де бір мезгілде шешуге барын салған қажырлы еңбегінің арқасында екі аудан халқын ауызсу қиындығынан құтқарды.

Сол тұста су ресурстары комитетінің төрағасы И.Әбішов Аралға келіп, Қосамандағы жағдайды көзімен көріп, тиісті көмегін жасады. Осының негізінде Арал мен Қазалы ауданында ауызсу мәселесі шешімін тапты. Жұмысты ұйымдастыра біліп, дер кезінде берілген көмектерді тиімді пайдалана білу Нәжмадин Түрікпенұлының іскерлігі еді.

Сол кезеңдерде Арал қаласының абаттандырылуына байланысты көптеген жұмыс атқарылды. Қаланың шағын аудандарында демалыс орындары салынып, гүлзарлар жасалды, қаншама құрылыс жұмысы жүргізілді. Мұның бәрі айтуға оңай. Сол біткен жұмыстарды аралап көруге күндіз уақыты болмаса, кешкі, түнгі мезгілдерде барып көретін. Көңілінен шықса, қуанып, келесі жұмысқа құлшына кірісетін.

Тыным таппайтын ағамыз зейнет демалысына шықса да, аудан мен облыс тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық мәселелеріне үн қосып, қоғамдық-саяси өмірге белсене араласып келеді. Ұстазы, марқұм Сейілбек Шаухамановтың қиын-қыстау уақытта ел тізгінін ұстағанын, ұйымдастырушылық қабілеті мен іскерлігін, кадрлардың тепе-теңдігін сақтаудағы ұстанымдарын кездескен сәттерінде біздерге айтып отырудан жалығып көрген емес. Ең бастысы, елдің ауызбіршілігін сақтай біліп, халықты нарықтық экономика талаптарына бейімдей алғандығын, осының нәтижесінде тұрмыс-тіршіліктерінің бірте-бірте дұрыс жолға қойылғанын, бір сөзбен айтқанда, ұстазының елге еткен еңбегін кейінгі ұрпаққа жеткізуді парыз санайды.

Осындай тағылымды тірліктерімен қатар Жалаңтөс баһадүр қорын басқарып ізгілікті, имандылықты дәріптеумен қатар, өнер иелеріне қолдау жасап келеді. Оның айғағы есімі елге танымал әнші, сазгер Үкітай Ерниязовты Жалаңтөс баһадүр атындағы қор медалімен, белгілі жыршы Марат Сүгірбаевты Құрмет грамотасымен марапаттап, Сыр топырағынан шыққан таланттыларға демеу көрсетіп келеді. Бүгінде Нәжмадин ағамыз 75 жасқа толып отыр. Елге сыйлы азаматтың тағылымға толы жылдары, жүріп өткен жолы кейінгі буынға үлгі боларлықтай.

Тәнірберген ДӘРМЕНОВ,
өлкетанушы.

Қоғамдағы этникалық бірегейленудің кейбір өзекті мәселелері

Этникалық бірегейлену жеке тұлғаның қалыптасуындағы негізгі құрамдастардың бірі болып саналады. Жеке тұлғаның белгілі бір топқа мүшелігі дербес көзқарастардан алдын ала анықталып, айрықша топтық сипатқа ие. Қазіргі әлем – этникалық топтар әлемі. Түсінікті саяси, мәдени, тарихи, әлеуметтік және басқа да белгілері бойынша мүлдем басқа адамдар топтарының «конгломераты» ретінде белгілеуге болады. Этникалық айырмашылықтардың осы түрі тәжірибеде бір мемлекеттің құрамындағы бірнеше этностардың үйлесімді және дағдарыссыз өмірінен көрінетінін атап өткен жөн. Дегенмен кез келген этникалық бірегейлену қоғамға қауіпті жасырын қайшылықтар мен қақтығыстар әкелуі мүмкін. Бұл этникалық бірегейлену мәселесінің өзекті екендігін білдіреді. Бұл мәселелерді түсіну қазіргі заманғы мемлекеттер мен заманауи әлемнің қарқынды дамуы үшін маңызды.

Этникалық қатыстылық пен этникалық бірегейлену туралы әлеуметтік ғылым теорияларының кеңінен таралуы елеулі концептуалды және эмпирикалық жұмыстар тудырды. Этникалық бірегейлену мен оның негіздерін түсінудің ең танымал теориялық тәсілдері мен шеңберлерін әлеуметтік бірегейлік теориялары, модернизация теориялары және примордиализм құрайды. Бұл теориялар мен түсіндірмелер этникалық бірегейленуді ұғынуға пайдалы теориялық бағдар берді.

Басқа теориялардан ерекшеленетін әлеуметтік бірегейлік теориясы дербес этникалық бірегейлену бастапқы сипатты қабылдайтындығын ескертеді. Бұл теорияда этникалық шекаралардың қорғаныстық қалыптасуы кең таралған. Азаматтар өз топтарының мүддесіне бейтараптықпен қараса да, басқа топтарға қарағанда тартымды екенін түсіндіреді. Демек, әлеуметтік бірегейлік теориясы ішкі қабылдау және басқа топтармен өзара әрекеттесу арқылы өздерінің әлеуметтік бірегейленуін құрады идеясына негізделеді. Модернизация теориясы қоғамдағы күрделі қала өмірі, әлеуметтік байланыстардың артуы, этносаралық неке, электронды БАҚ және көлік пен байланыстың заманауи түрлері этникалық бірегейлену маңыздылығын төмендететінін айтады. Теориядағы түсініктерге сәйкес, бірегейлік құлдырайды және қоғамдағы түйінділігі азаяды. Зерттеушілердің пікірінше, модернизация процестері этникалық бірегейлену ықпалын әлсіретіп, жаңа үстем бірлескен бірегейлікке басымдық береді. Примордиализм жеке этникалық бірегейленудің қайнар көздері мен мазмұнын биологиялық тұрғыда негізделген және мәні бойынша өзгермейтін факторлар нәтижесі ретінде бейнелейді. Осы көзқарасқа сәйкес, дербес этникалық бірегейлік өткен тәжірибелерге сүйенеді және өмір сүрудің биологиялық негізделген мұқтаждық талаптарына тіреледі.

Жоғарыдағы тұжырымдар этникалық бірегейленуге қатысты қолданылатын көптеген көзқарастар бар екенін меңзейді. Азаматтар өздерін қандай да бір этникалық санаттарға сәйкес жіктеу қажет болғанда, зерттеушілер арасында түсіндіруге болатын тұжырымдарда келіспеушіліктер туындайды.

Этностың қауымдық тұжырымдамасы бөлшектенген қауымның көзқарасынан басталады. Этностың түпнұсқа тұжырымдамалары осы ұжымдық бірегейліктің оқшаулану себебін түсіндіруге тырысады. Ахуалдық тәсіл мұндай ұжымдық бірегейліктің шектеулі әсер ету күшін нақтылайды, ал жеке дағдылар бірегейлену ахуалын бекітеді. Ұжымдық бірегейліктің ортақ «қан» тұжырымдамасы отбасының шығу тегі, туыстық идеялардан бастау алады. Теорияның ақырғы нұсқасы ұлттар санасының біртұтастығы бірегейлігіне сәйкес келеді. Осылайша, кез келген этникалық бірегейлену тұжырымдамасының мазмұны әлі де талас тудырып отырғанын мойындаймыз.

Көптеген елдегі мемлекеттің негізгі әлеуметтік-саяси және экономикалық мәселелері этникалық бірегейленуге әсер етеді. Коммунизм беделі бар кезде жұмысшы қоғамы идеясын белсенді түрде жақтаса, капиталистік қоғамда таптық айырмашылықтар мен қарама-қайшылықтар белгіленді. Бүгінгі таңда ғылымда таптық және гендерлік айырмашылықтар этномәдени мәселелер, ал ұлтшылдық қақтығыстар экономикалық құрылымдардан туындайды пікірі жиі кездеседі. Дегенмен таптық және гендерлік қақтығыстар бұл мәселелердің бір бөлігі ғана деген пікірін ұстанамыз. Түрлі экономикалық құрылымдар этникалық араздық пен сенімсіздікті шеше алмайды. Өйткені кез келген мемлекеттің экономикалық мәселелерін елді құрайтын этникалық топтар бірдей қабылдай бермейді. Сол сияқты, кез келген саяси шиеленіс ұжымдық санада қалыптасады және индивидуалдылық негізін сақтамайды. Саяси және экономикалық бөліну осы этникалық жіктелудің мәнінен туындайды.

Жаһандану көпөлшемді және ғаламдық процесс екенін бұрыннан дәлелдеді. Сонда да ішкі саяси, экономикалық, әлеуметтік құрылымдар мен процестер этникалық бірегейленудің жандану, этномәдени және ұлтшылдық идеологиялар мен тәжірибелердің күшею ықпалын дәлелдеп жатқан ғалымдар кездеседі. Бұл тұста этникалық бірегейлену түсінігін арттырған либералдандыру, демократияландыру және көпұлтты даму секілді ұлттық және халықаралық саясат жаһанданудың құрылымдық күштері секілді қомақты үлес қосады. Жаһанданудың дәстүрлі формалары салдарынан бөлек, жаһанданудың жаңа күштері этникалық бірегейлену процесінің құрылымдық және институционалдық өзгерістер қарқындылығын арттырады.

Әлеуметтік өзін-өзі қабылдау ерекшеліктеріне қоғам мен ұлт, олардың салт-дәстүрі әсер ететіні сөзсіз. Оқу-тәрбие процесі этникалық және ұлттық мемлекеттілікті қалыптастырып жатқанын байқай бермейміз. Демек, қазіргі қоғамдағы тұлға дамуының мәнді факторларына білім беру процесі жататыны анық. Білім берудің негізгі міндеттерін тұлғаның шығармашылық қабілеттерін тану және рухани білімді азаматты тәрбиелеу арқылы жүзеге асыру әлеуметтік факторларға байланысты. Түрлі этникалық қауымдастық өкілдерінің білім беру процесіне қатысуында идеологиялық әлеуметтендірудің қажеттілігі мол. Бұл ретте білім беру қазіргі заманғы ұлттық-саяси даму контекстінде түрлі этникалық топтардың өзіндік ерекшеліктерін ескереді. Осы қадам этникалық бірегейленудің өзіндік сананы қалыптастырудағы ерекше фактор екенін де айқындайды. Оның үстіне психологиялық феноменология этникалық бірегейлену мен өзін-өзі қабылдау қатынастарының жаңа аспектілерінде шоғырлану мүмкіндіктеріне назар аударады. Сондықтан білім беру процесінде тарихи-саяси оқиғалар мен қоғамдық даму жетістіктерін насихаттау басты орын алады.

Этникалық санамен дербес жұмыс істеудің гетерогенді түрлері мен құралдары білім беру тәжірибесінде кездеседі. Ұстаздардың шығармашылық әлеуетін оқушылар мен студенттердің интерактивті өзара әрекеттесу жүйесін құру, мәдени мұрамен жағымды сәйкестендіру үшін қолдануға болады. Тарихи дамуымыздың қазіргі кезеңінде ұлтаралық қарым-қатынас, аралас неке мәселесі, ұлттық-этникалық бірегейлікті анықтау барысында өскелең ұрпақ тәрбиесімен айналысатын орта мектеп пен жоғары мектеп, ғалымдар алдынан шығып отыр. Бұл тұста мәселеге қатысты негізгі ұғымдарды анықтау ең алдымен қоғамдық өмірдегі маңыздылығынан туындайды. Сондықтан ұлттық-этникалық мәселелерді шешудің ақылды тәсілдері туралы көбірек ойлануымыз қажет.

Этникалық бірегейленуге саяси ғылымдарда көп назар аударылатынына қарамастан, әлеуметтану, демография, мәдениеттану және экономика салаларындағы зерттеулерді біріктіретін пәнаралық тәсілден ғылымдағы көптеген ашық сұрақтарға жауаптар алуға болады. Осы жауаптар ерекше назар аударатын кейбір негізгі мәселелер мен болашақ бағыттарды анықтайды. Мәселен, этникалық бірегейлену мәселелерінде аз көңіл бөлінетін өмірлік цикл тәсілі азаматтар тәжірибесі уақыт өте келе этникалық бірегейлікті қалай өзгертетінін айшықтай алады. Ғылымдағы тереңдетілген сұхбат қазіргі ұлттық шарттарда азаматтардың бірегейленуіне әсерін дәйектеп, тұлғалық бірегейлік вариацияларын айқындайды. Сонымен бірге ретроспективті тәсілді қолдану арқылы өзгерістер ықпалын зерттеуімізге болады.

Жоғарыда аталған мәселелерге сәйкес, қазіргі қоғамдағы этникалық бірегейленудің негізгі мәселелері ұлттың саяси және әлеуметтік қауымдастық ретінде бірігуі процестері арасындағы түсініктермен байланысты. Қоғамда өмір сүретін түрлі топтардың бірігу процестерінің күшеюі қоғамның жіктелу деңгейінің жоғарылауын көрсетеді. Бұл мәселелердің өмірдің түрлі аспектілерінде дамуы этникалық бірегейліктің қазіргі жеке тұлғаның және тұтастай алғанда қоғамның сүбелі элементі екендігін бекітуге мүмкіндік береді. Жеке адамдардың этникалық бірегейленуі қалыптасқан саяси және этникалық мұраны көрсетуіне байланысты бірегейлік қазіргі өмірде құнды құбылыс екенін танытып отыр.

Мұрат НАСИМОВ,
саяси ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор, Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университеті философия және әлеуметтік-гуманитарлық
пәндер секциясының қауымдастырылған профессоры

«ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА...»

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ – 180

Алтыншы қара сөз

Қазақтың бір мақалы: «Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік» дейді. Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады – білмейді. Қазақ ойлайды: бірлік – ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не залал? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Осы ма бірлік? Жоқ, бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малыңды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады! Бірлік малға сатылса, антұрғандықтың басы осы. Ағайын алмай бірлік қылса керек, сонда әркім несібесін құдайдан тілейді, әйтпесе құдайдан тілемейді, шаруа іздемейді. Әуелі біріне-бірі пәле іздейді. Не түсін, не ажарын, не өкпесін бұлдап, ол болмаса, бір пәле салып, қорғалатып, әйтеуір бірін-бірі алдаудың амалын іздеседі. Мұның қай жерінен бірлік шықты?

«Ырыс алды – тірлік» дейді, ол қай тірлік? Ол осы жан кеудеден шықпағандық па? Жоқ, ондай тірлік итте де бар. Ондай тірлікті қымбат көріп, бұлдаған адам өлімді жау көріп, ахиретке дұшпан болады. Жанын қорғалатып, жаудан қашып, қорқақ атанып, еңбек қылудан, қызмет қылудан қашып, еріншек атанып, ез атанып, дүниеде әлгі айтылған ырысқа дұшпан болады. Ол айтқан тірлік олар емес. Көкірегі, көңілі тірі болса, соны айтады. Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың. Адал еңбекпен ерінбей жүріп мал табуға жігер қыла алмайсың.

Кеселді жалқау, қылжақбас,
Әзір тамақ, әзір ас,
Сыртың – пысық, ішің – нас,
Артын ойлап ұялмас, –

болып жүріп, тірімін деме, онан да алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық.

ӨНЕРГЕ ҒАШЫҚ ШАМШЫРАҚ

«Ана бір қолымен бесік тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді» деген қанатты сөз бар. Қазақ әйелдерінің ғажап бітім-болмысын бір ананың бойына жиып берген кереметке таңқаласың. Өнер десе ішкен асын жерге қоятын, қолына қара домбыраны алып шырқата ән салатын, атына заты сай Шамшырақ апамыз зейнет жасына келсе де белсенділігімен топқа түсіп жүрген танымал жан. Бүгінде «Бастаңғы» аналар клубының мүшесі.

– Мәдениет үйі жанынан құрылған «Бастаңғы» аналар клубы 1989 жылдан бастап жұмыс істеп келеді. Мұндағы әр өнерлі жан өз талантымен ерекшеленеді. Бірі халық әндерін жатқа білсе, екіншісі ата-бабадан келе жатқан дәстүрмен сусындаған. Ал үшіншісі айтыскер ақын, әуелетіп ән салатын әнші, жыршы-термеші. Аналардың ең жасы 60-та, үлкені 75-те. Алтын құрсақты аналардың бүгінде балалары бір-бір шаңырақ иесі. Олардан немере-шөбере сүйіп, ұрпағының бал қызығына тоймай, әдемі қартайып келе жатқан жандар. Сондай керемет жандармен гастрольдік сапарға жиі шығып тұрамыз, – дейді Шамшырақ апа.

Шамшырақ Көрпешова 70 жасқа қадам басқанмен әлі тың. Қаланың мәдени өміріне атсалысып отырады. Кезінде «Сырдария» газетінде бас есепші қызметін атқарған. «Алтын алқа» иегері. 6 перзентінен 13 немере сүйіп отыр. Қолөнерді де жанына серік қылған. Ән айтып отырып, тоқыма тоқиды.

Құйқылжыта ән салғанда көрерменнің құлақ құрышын қандырады. Халық ықыласына бөленіп, «Әже – көңілдің ажары, немере – өмірдің базары» атты қалалық байқауда Шамшырақ Көрпешова немересі Бибіфатима Шахмарданқызымен бірге қатысып, III орын иеленсе, 50 – 90 жас аралығындағы талантты жандарға арналған XI республикалық «Өнерлі елдің – өресі биік» өнер байқауынан I орын алып, құрметке бөленді.

Аналар өнері, әжелер мектебі, олардың өнегесі – бүгінгі қоғамда баға жетпес байлық, табылмас тәрбие құралы. Өмірге құштар, өнерге ғашық жанға шығармашылық табыс тілейміз.

ЖАҚСЫНЫҢ ЖАЛҒАСЫ

Сыр бойы – өнердің қарашаңырағы. Киелі топырақтан түлеп ұшқан тарлан таланттардың есімі бүгінде ел тарихының көмбесінде алтын әріптермен көмкеріліп тұр. Қазақ «алтынның сынығы» деп бекер айтпаған. Кезінде Нартай Бекежанов атындағы театрда өнерімен елді тәнті еткен, театрдың құрылып қалыптасуына тер төккен актер Ораз Нәсімхановтың перзенті Ләйла Оразқызы бүгінде Мәдина Ералиева атындағы мәдениет үйінде әдіскер болып қызмет атқарады.

Өнерсүйер қауымға кеңінен танымал, ҚР мәдениет саласының үздігі Ләйла Нәсімханова 2008 жылдан бері облыстық «QYZYLORDA» телеарнасы арқылы беріліп тұратын «Бал-бала» дәстүрлі телебайқауының жоба жетекшісі. Бала жүрегін мейіріммен баурап алатын ұстаздың тәрбиесімен өнерде жарқыраған жұлдыздар әлем сахнасында да өнер көрсетіп, аймақтың даңқын шығарып жүр. Бұл жеңістің бәрі өнер шамын жарқыратып жүрген ұстаз еңбегінің жемісі. Шәкірттерінің халықаралық, республикалық жарыстардың жеңімпазы болып оралғанына тарлан талант иесі Ләйла Оразқызы да дән риза.

– Өнерлі отбасында дүниеге келдім. Анам да, әкем де театрда әртіс болды. Заманында Нартай Бекежанов атындағы академиялық драма театрының негізін қалауға тер төккен. Өнер жолына бет бұруына да осы себеп болса керек. Қызылорда музыкалық училищесін «Хор дирижерлеу» бөлімінде хордың дирижері және музыка пәнінің мұғалімі және Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Музыка пәнінің оқытушысы» мамандығы бойынша білім алдым.

Еңбек жолымды 1989 жылы Жалағаш ауданы, Жаңаталап ауылындағы №3 музыка мектебінде сольфеджио пәнінің мұғалімі болып бастадым. №3 «Өнер» мектебінде оқытушы, филармония әртісі, М.Ерәлиева атындағы мәдениет үйінің нұсқаушысы қызметін абыроймен атқардым. Мұнан соң «Қалалық мәдениет үйі, клубтар және халықтық ұжымдар» мекемесінде көркемдік жетекші, М.Ерәлиева атындағы мәдениет үйінің директоры болдым. Еңбек жолым кәсіби біліктілігімді шыңдап, шығармашылығымды шыратты, – дейді ол.

Ерекше қоңыр дауысымен көрерменнің көзайымына айналған Ләйла талай талантты тәрбиелеп келеді. Бүгінде шәкірттері Т.Жүргенов атындағы өнер академиясында оқыса, енді бірі облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени продюсерлік орталығында қызмет етіп жүр.

Ұстаздың тәлімін алған шәкірті А.Құланбаева Астана қаласында өткен республикалық «Жас қанат» байқауының дипломанты, Э.Қанатбаева Шымкент қаласында өткен республикалық Ш.Қалдаяқов атындағы әншілер байқауында I орын иегері, Ғ.Сражадин халықаралық «Бозторғай» конкурсында жүлделі I орын иегері, Тәжікстанда өткен «Донак» фестивалінің дипломанты, Ақтау қаласындағы болған «Біз күн перзентіміз» фестивалінің II орын иегері, республикалық «Айгөлек» балалар байқауының гран-при иегері. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дегендей, ұстаздан алған тәлім қашанда өнерпаздарды қанаттандырып келеді.

– Өнер жолы қиын жол. Таланттың көзін ашу инемен құдық қазғандай еңбек. Алайда өнерлі баланың сахнада жарқырап жұлдызы жанғанда, мерейім көтеріліп, өзімді бақытты сезінемін. Ұстаз үшін ең жоғары марапат – үздіксіз еңбегіңнің жемісін көру, хас таланттың алтын сандығын ашу, – дейді ұстаз.

Ауылдың жұпар ауасымен тыныстап тұлымшағы желбіреп өскен балауса қыз кішкентайынан өнер өлкесінің шымылдығын әнмен ашты. Ол ән айтқанды жан-тәнімен сүйетін. Ақындық қабілеті бар әке тәрбиесі де оны қанаттандыра түсті. Әкесі Сақтаған да өнерден құралақан емес, ауыл-аймаққа суырыпсалма ақындығымен танылған сырбаз жан еді. Әдемілік атаулыға іңкәр бойжеткен анасының өнерін де тал бойына сіңіріп өсті. Бірақ туғаннан ауруға шалдықты.

ӨНЕРДІ ДӘРІПТЕГЕН ЖАН

Аяғын сылтып басып жүретін болды. Денсаулығындағы кінәратқа қарамай қаршадайынан өжет, қайсар қалпымен бейнетке жақын болды. Анасынан ұлттық өнердің кез келген түрін үйренді. Бар ықыласымен оны жасауға талпынды. Кесте тігуден басталған қолөнер өрмек, ши, басқұр, шашақ бау, кілем тоқуға жалғасты. Саусақтары майысып, кілем тоқып отырып, ән салатын. Ауылда өскен қызға жеті өнер де аз деп өзін үнемі қамшылап, ширатып отырды.

Табиғаттың тамашасына елтіп өскен бидай өңді ұяң қыз өте сезімтал, көкірек көзі ояу болды. Анасына көмектесіп, ауылдың қайнаған тіршілігінің бел ортасында жүрді. Ата-анасы 11 балаға өмір сыйлады. Қабырғасы қатайғаннан маңдай термен нан табуға баулыған ата-ана тәрбиесіне әнші апамыз дән риза.

– Біз өмірге келген кез елдің әлі еңсе көтеріп, шаруаның тіктеле қоймаған уақыты болатын. Оның үстіне үйелмелі-сүйелмелі көпбалалы отбасы болған соң тауқымет те көп еді. Елдің ерніне тиетіні ағарған мен соғым ғана. Ерінбей еңбек еткеннің арқасында мал басынан да құралақан болмадық. Егін де ектік, мал да бақтық, тезек те тердік, нан да жаптық. Анамыздың іскерлігін зердемізге тоқып, қажетімізге жаратып бүгінде балаларға үйретудемін. Қол қусырып қарап отыру маған жат әдет. Қазір де бос уақытымда моншақтан алқа, әшекей, сырға жасаймын. Талдарды түрлі ғажайып моншақтармен безендіремін. Қолмен жасаған қолөнер бұйымым көпшіліктің ықыласына бөленіп, лайықты бағасын алып та жүр. Кейде тапсырыспен жасаймын. Адамның көңіл-күйін көтеріп, миды тынықтыруға, зердені жаңартуға, уайымды ұмыттыруға зор септігі тиеді, – дейді қария.

Кейіпкеріміз Бисенкүл Алшынбаева Сырдария ауданы, Жетікөл ауылында туып-өскен. Қазір Тасбөгет кентінің тұрғыны 70 жаста. 8 баланы өмірге әкелген алтын құрсақты ана. Зейнет жасында болса да бесаспап қария Тасбөгет кентіндегі «Бастаңғы» әжелер ансамблінің белсенді мүшесі. Ән қоржынында тек қазақ әндері емес, татар, қырғыз әндері де бар. Елге танымал қырғыз халқының «Айылдың арғы жағында», татардың «Иги ярда иги яшмыз», жергілікті композитор С.Қорабаевтың «Ардақты ару» әнін төгілте орындап жүр. Қала аумағында өтетін мәдени іс-шараларда үнемі топ жарып, әннен шашу шашып жүр. Сол еңбегі еленіп, талай марапаттарға ие болған. 2018 жылы алғаш рет «Өнерлі елдің өресі биік» атты республикалық өнер байқауында қолөнер жасаудан I орын, жеке ән орындаудан II орынды еншілеп, екі бірдей жүлдені қанжығасына байлаған. Бүгінде саф алтындай қазақ өнерінің сан түрін бойына тұмарлаған әзиз әже 26 немере, 7 шөбересінің ортасында бақытты ғұмыр кешуде. Немересі №11 мектеп оқушысы Дінмұхаммед Сәндібек әжесінің жолын қуып, қазақ әндерін үлкен сахналарда орындап, жүлдемен оралып жүр. Келешегінен үлкен үміт күтетін құлынын әжесі қасынан үнемі тастамайды.

Жуырда ақ кимешекті қария «Өнерлінің өресі биік» атты XI республикалық 50-90 жас аралығындағы талантты жандарға арналған өнер байқауына қатысып, қолөнер бойынша бас жүлдені иеленді.

Ақ кимешегін күн сүйіп, ұлттық болмысты ұлықтаған қария сахнаға көтеріліп барады. Ал немере, шөберелері жүздері бақыттан бал-бұл жанып, әжесінің өнеріне аямай қол соғуда. Алтын тіні үзілмеген ұлт өнерінің құдіреті осы болар.

Әзіл

Жарықтық, әкеміз Нұрмахан қожа (1900-1975) әзіл, қалжың дегенді түсінбей-ақ кетті. Бәлки, түсінгісі де келмеді-ау... 1973 жыл. Мектепті бітірген соң, кезекпен ауыл ақсақалдарынан бір мал сойып бата алатын кәдеміз бар. Кезек біздің үйде. Ауыл ақсақалдарын түгел шақырып шай-суын беріп болып, үлкен асқа үзіліс жасап, үлкен кісілер намаз оқуға ынғайланып, дәрет алуға сыртқа шығып жатыр. Әкем де сол кісілерге ілесті. Сол кезде әңгімені Құлыс Әжібай нағашым алды-ау!... Ол кісінің отырған жері ойран-топыр күлкі. Сөзіне сүйеу болып Жанай ақсақал қосылды. Бұл екі кісі отырған жер, мереке думан. Өзім де, бұл кісілердің әңгімесін тез жаттаймын. Жанай ақсақал:

– Әй, Әжібай! Осы қожа, сенің жездең. Ішің жарылып бара жатса, қазір келгесін әзіл айтып көрсей. Не дер екен? Тыңдайық, – деді. Сонда, Әжекең:

– Әй,әй... Жәке! Мені қанды ауызға итермелеме. Қожаға әзіл айтып өле алмай жүрмін бе?! Өзің айт, – деп жатыр. «Осы кісілер бірдеңені бұлдіріп алмаса нетті» – деп, отырмын. Сырттағы кісілер де ішке кіріп жайғасты. Төрде Сәт молла, Молдабай молла, Машарап молла бастаған үлкен кісілер. Әкем сол кісілердің ортасында таспығын тартып бар екені, жоқ екені белгісіз отыратын әдетіне басып, өзімен-өзі отыр. Біздің әкем келгеннен бағанағы әңгімелер тыйылып, тыныштық орнады. Өзім жағалай қолға су құя бастадым.

Әкем сол кісілерге тоқтау салып, айт-айтпа деп жатқан кезін көрген емеспін. Ол кісілердің өз әдебі солай қалыптасқан. Сол әдепті бұзып Әжекең:

– Оу, Қожеке!? – деп, дауыстауы сол еді, қапыл отырған әкем: «Жау, қырылып қалды ғой!?» – деп, аузына бірінші түсетін үйреншікті сөзін айтып, шошып кетті. Оған жұрт күліп жатыр. Әкемнің онымен де шаруасы жоқ, бар зейінін Әжекеңе бұрып:

– Ләббай, Әжеке тыңдап отырмын! – деді.

– А, тыңдасаңыз, сізден сұрағымыз бар? Ел болғасын құдажекжат, нағашы-жиен, жезделі-балдызды туыстығымыз болады. Ортамызда әзіл-қалжың сөзіміз бірге жүреді. Оны айтайын десек, үлкен кісілер «қожекеңнің алдында әзіл айтпаңдар» деп тоқтау салып қойды. Біздің ішіміз жарылып бара жатыр. Бұның рауяты қалай болады? – деп тоқтады.

Әкем сұрақты толық түсініп, еңсесін көтеріп жайланыңқырап отырып, таспығын тартып үндемей қалды. Бұл кісінің қадесі сол, жедеғабыл жауап бермейтін-ді. Әлден соң, уақытта әкеміз: «Әжеке!», –деді. Жұрт та барлық назарын әкемізге аударды.

– Иә, Қожеке тыңдап отырмын. Айта беріңіз.

– Айтса «Ә дегеннен кейін зіл» деген сөз тұр-ау! Сол сөз адамның басына кемдік әкеледі. Айтқан әзілге сыпайының сырты риза болғанымен зілі ішінде қалады. Сол зіл, налаға айналса ұрпағыңа кесірі тиеді. Наланың түбі қарғысқа ұшыратады. Біреудің наласынан, қарғысынан сақта дейтініміз сол. «Әзіл апат келтіреді» деп, атам қазақ соны айтса керек. Олай болса әзіл, қалабай-қалжың әңгіме жасы келген адамға жарасымсыз, әзәзіл шайтанның желігі болып шығады ғой. Біз білген жер, Әжеке осылай. Ақиқатын Алла біледі! – деп, тоқтады. Тыңдаған кісілер ойланып қалды. Әжібай нағашым сылқылдап күліп:

– Ой, жарықтық Қожекем-ай! Жанай екеуміздің ермегімізді де құрттыңыз-ау! – деп, көпшігіне шынтақтап жантая кетті. Жезделі балдызды екі кісінің әңгімесі осылай аяқталды. Ақ күмістей сақалын саусағымен салалап, Сәт молла:

– Екеуіңіздің де сыбағаңыз толық болды-ау! – деп, қолын жууға ыңғайланды. Соңғы адамның қолына су құйып болғанша, осы әңгімені ойға олжа қылып алып шықтым.

Алмас АЛМАТ

Бетті дайындаған **Гауһар АСҚАРҚЫЗЫ**
Суретті түсірген ***Нұрболат НҰРЖАУБАЙ***

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, бетделіп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4393 Тапсырыс №123

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА